

Есепке алу-бақылау таңбаларын пайдаланып алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 тамыздағы N 874 қаулысы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексі (Салық кодексі) 549-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 4.2.6.-тармағына сәйкес, сондай-ақ есепке алу-бақылау таңбаларын пайдаланып алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылаудың тиімді жүйесін құру және акциздердің бюджетке толық түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепке алу-бақылау таңбаларын пайдаланып алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау жүйесін (бұдан әрі - Жүйе) енгізу жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі конкурсты ұйымдастырсын және өткізсін. Конкурстық өтінімді дайындау үшін конкурсты ұйымдастырушы ықтимал берушіге ұсынатын конкурстық құжаттама мынадай негізгі ережелерді:

алкоголь өнімі бірліктерінің өндірілуін және айналымын сәйкестендіруді және қа да ғ а л а у д ы ;

алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын есепке алудың және жедел ба қ ы л а у д ы ң а қ п а р а т т ы қ ж ү й е с і н ;

есепке алу-бақылау таңбасында бірнеше қорғау дәрежелері бар және алкоголь өнімінің әрбір бірлігі туралы есепке алу ақпаратын қамтитын жасырын кодтың болуын к ө з д е у і т и і с .

Ашық тендердің ықтимал жеңімпазына қойылатын негізгі талаптар ретінде м ы н а л а р б е л г і л е н с і н :

өз қаражаты есебінен есепке алу-бақылау таңбаларын дайындау;
есепке-алу бақылау таңбаларын дайындауға арналған голографиялық және криптографиялық қорғау элементтері бар қажетті жабдықтың болуы;
бағдарламалық қамтамасыз етуді (Soft-ware), қажетті жабдықты және тиісті техникалық құжаттаманы мемлекеттің меншігіне беру;

бағдарламалық қамтамасыз етуді, жабдықты, тиісті құжаттаманы және өзге де ақпаратты бөгде ұйымдар мен тұлғаларға таратпау туралы міндеттеме;

2) конкурс қорытындыларынан кейін бір ай мерзімде Алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау ережесінің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК